

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

抓 (алу(колмен)): 抓一下(ұстап алу), 抓一次(бір рет алу), 抓一把(бір уыс алу), 抓一会(ұстай тұру).

4. Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің стилистикалық сипаттамасы

4.1. Қарым-қатынас негізінде қытай тіліндегі сөздер тыңдаушыға нақты образды туғызады, мысалы, 月 ай- . бұл жерде әр түрлі мөлшер сөздердің қолданылуы санын емес, формасын анықтайды. Айдың дискі- 一轮 月 - ай дөңгелекке ұқсайды, 一弯月 имек ай, 一镰 月 орақ ай. Формалардың бұлай өзгеруі объективті қабылдауға байланысты болады, сондықтан бұл жерде келтірілген мысалдар образды сипаттауға ие.

4.2. мөлшер сөздер тек қана заттың мөлшерін білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар айтушының оң және теріс бағасын қамтиды. Субъективтік эмоциялардың бұлай қолданылуы олардың стилистикалық сипаттамасын білдіреді. Мысалы, анаға, ұстазға және басқа да беделді адамдарға 一位 老师 бір мұғалім (мөлшер сөз адам). Жағымсыз адамдарға жиі 一伙流氓(бір топ хулиган - мөлшер сөз топ), 一伙 强盗(бір топ тонаушы - мөлшер сөз топ).

4.3. Қарым-қатынастың мақсатына байланысты қарым-қатынасатын әр түрлі түрлері болады, сондықтан мөлшер сөздерді қолдану барысында оларды барынша ойланып қолданған жөн (мөлшер сөздердің семантикасын білдіру). Мысалы, 一弯新月 - жаңа туған ай, жаңа гүлдердің букеті 一簇鲜花, кешкі күн - 一抹太阳. Бұл жерде мөлшер сөздер 弯, 簇 - букет, 抹 - бұлттарға арналған мөлшер сөз әдеби сипатқа ие болып тұр.

Қорытынды

Қытай тілін шет тілі ретінде оқыту барысында мөлшер сөздерді қолдану дағдысы оларды терең меңгеру процесі кезінде қалыптасады. Оқытудың бастапқы кезеңінде мөлшер сөздерді семантикалық талдау оқушыларға сан есім + мөлшер сөз + зат есім және етістік + сан есім + мөлшер сөз секілді негізі құрылыстарды игеруге, күнделікті жиі қолданыстағы мөлшер сөздерді, өлшем мен салмақ мағынасындағы, жинақтаушы, іс-әрекеттерді санауға арналған мөлшер сөздерді үйренуге септігін тигізеді. Бұл кезеңде студенттерге мөлшер сөздердің семантикалық комбинациялар ережесін түсінуге (бір-бірнеше және бірнеше-бір), мөлшер сөздер қорын байытуға, кездесетін конструкцияларды таныстыруға жағдай жасау керек. Осыған орай, тілдегі жасырын мәдени құрама біртіндеп негізгі буынға айнала бастайды. Мөлшер сөздердің стилистикалық функциясымен танысу болу студенттерге қытай тілін тереңірек әрі жетік меңгеруге, тілді жоғары дәрежеде игеруге көмек беретіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Хы Джие. Исследование счетных слов современного китайского языка. Пекин, 2011, 343 с.
2. Джань ЖиГунь. Грамматика и обучение грамматике. Пекин, 1957, 324с.
3. Динь Шу Шэнь. Лекции по грамматике современного китайского языка. Шанхай, 1992, 228 с.
4. Лю ЦзиПинь. Словарь счетных слов китайского языка. Внутренняя Монголия, 1996, 383с.

ӘОЖ 1(091) (510)

КОҢ ЗЫНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ

Көшен Гүлім Асламбекқызы

gulim7@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті қытай филологиясы 1 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жылқыбекұлы.Б

Құң-цзы ілімінің ерекшелігі сол, ол адамгершілік мәселесін бірінші кезекке қояды. Ал рух, аспан денелерінің қозғалу заңдылықтарына еш көңіл бөлмейді. «Өмірдің не екенін білмей жатып, өлімнің, рухтың не екенін қайдан білейік», - деген екен [1]. Алайда, көкті пір тұтқандығы ақиқат, көк тәңірісіне құрбандық шалуды, оған деген адамдардың көрсеткен құрметі деп түсінген. Кейіннен Қытайдың «аспан асты империя» деп аталуына да осы ұғымның өзі әсерін тигізген сыңайлы.

Құң-цзы өзінің шәкірттерін «соғыстың, жеккөрушіліктің және жоқшылықтың орнына бейбітшілік, жақсылық пен бақыт келетін бейбітшілік туралы арманымен» қызықтырды. Бірақ Құң-цзы өз оқушыларының алдында жалпыға бірдей гүлденудің утопиялық картинасын ешқашан салған емес, оның үстіне лепіркелі әңгімелерді де жек көретін. Уәделермен де тойдырған емес, өзіне келгендерге кішкене істерден бастауға кеңес берген. Мысалы, өз сөзін жерге тастамау, өз істерінің, ойларының құндылығын жоғалтпауды, таңдаулы идеалдарын мықтап ұстануы және өлім алдында да соларға адал болуы керек. Құң ұстазға бірқалыпты ақ көңілдігі мен өмір сүйгіштігі, қажымас қайраты мен шынайы ақ пейілі оған көмектесті және алға жетеледі.

Құң-цзы ілім күнделікті міндеттерді орындаудан басталатынын мәлімдеді және ең алдымен ұсақ-түйектерге байыпты болуды, жақындары алдында парызын орындай бастауды, әрбір кездескен адамнан ұстаз таба білуге кеңес берді. Құң ұстаз былай дейді: «Тіпті екі адамнан тұратын ортадан да мен олардан үйренетін нәрсені табамын. Олардың жақсы қасиеттеріне еліктеймін, олардың кемшіліктерінен өзіме сабақ аламын». Шәкірттерін «Қадірлі адаммен кездескен кезде онымен қалай теңесуге болатынын ойла. Төмен адаммен кездескенде өзің жете ұғын да, өз-өзіңді талқыла. Ең үлкен жолдың өзін кішкене қадамдармен жүріп өтеміз және таудың етегінен бастамай шыңына жету мүмкін емес», - деп оқытты ұстаз Құң [1]. Құң-цзы өмір бойы екі мың шәкірт оқытып, олардың жетпіс екісі «әлемге танымал» болғанын айтады... Құң-цзы бір кездері қызметке орналасу үмітінен айрылған қарапайым адамдарды бірінші болып оқыта бастады.

Егер осы мәлімдемені жаңаша тілге аударсақ, онда Құң-ұстаз тарихта бірінші болып барлық адамдардың - оқушылардың да теңдігі үшін барлығына оқу мүмкіндігінің тең құқығын беруді жақтағанын айтуға болады. Мұның мүмкін болу себебін Құң-цзыды өзінің шәкірттерінің шыққан тегі емес, олардың өмірлік жоспарлары емес, тіпті олардың қабілеттері де емес, ең алдымен және бәрінен жоғарысы - осы оқушылардың өздері жеке тұлғалар екені қызықтырды. Оны адамдағы барлық адамшылық қызықтырды. Ол адамдармен жеке кездеспеген болса, оларды ешқашан талқыға салған жоқ және олар туралы талқылама құрастыра алмады. Ол, әрине танып-білуге күш салудан бас тартпайды, бірақ өмірге біліммен қысым көрсеткісі келмейді. Керісінше ол өмірден үйренуге кеңес береді.

Әрқайсысының оқуға құқығын мойындай отырып, Құң-цзы дегенмен барлығын бірдей оқуға алған жоқ. Керісінше ол өзіне ғылым үшін келгендерге сол кездері ешкім естімеген өте жоғары талаптарды қойды. Ол ғылым жолына жетуге «бар ниетімен» талпынған, оқу қажеттігін түсінетін және оның үстіне өздері ойлай алатын адамдарды ғана жарамды деп санайтынын бірнеше рет қайталады. Ол «мүлдем ақымақтарға» уақыты мен күшін жұмсаудан бас тартты. Құң-цзыдың шәкірттерінің арасында біршама көзге түскендерінің қатарында Мэн-цзы, Чжуан-цзы, Мо-цзыны атап өтуге болады.

Біздің заманымыздан бұрынғы 372-289 жылдар аралығында өмір сүрген Қытай философы, Құң-цзыдан кейінгі конфуцийшілдікті құрған екінші адам. Сыма Цяньнің дерегі бойынша Мэн-цзы Цзоу билік еткен жылдары туылды. Мэн-цзы Құң-цзыға қарағанда «халықтың адамы» болды. Ол әр мемлекеттің ең басты бөлігі патша, билеуші емес, халық деп айтқан. Билеушінің ең басты міндеті халықтың жайын ойлау, өмір сүруге ыңғайлы етіп жағдай жасау деп көзқарасын білдірді. Еркін сауда, төмен салықтар, табиғи ресурстарды қорғау, байлықты әділ бөлу, мемлекеттің қарт адамдар мен кедей адамдарға қамқор көрсетуін қолдады. Императорлық билік көктен шыққан деп ойлаған, бірақ өз халқын ойламаған билеуші «аспан батасын» жоғалтады деп шешті. Және де оның айтуы бойынша халық өзінің әділетсіз билеушілеріне қарсы көтеріле алатындығын да айтқан. Бұл идея

әсіресе Қытайда қабылданды. Осы идея билеушілер арасынан гөрі, бағыныштылар арасында танымал болды. Алайда уақыт өте келе, оның көзқарасы Құң-цзыдың жақтастары және Қытай халқының арасында әлдеқайда танымал болды. Мэн-цзыдың атақ-даңқы жоғары болатын, бірақ он бірінші және он екінші ғасырларда одан сайын жоғарылады. Бірақ, батысқа оның уағызы мүлдем әсер еткен жоқ. Өйткені оның кітабы қытай тілінде жазатын. Құң-цзыны Сократпен салыстырса, Мэн-цзыны қытай Платоны деп айтуға болады. Себебі, Платонсыз біз Сократ туралы ештеңе де білмес едік, сол секілді Мэн-цзысыз де біз конфуцийшілдікті толық түрінде біле алмаймыз.

Мо-цзы (МоДи) - моистер мектебінің негізін салушы, біздің дәуірімізге дейінгі 479 - 400 жылдары өмір сүрген. Ол күні бұрын белгіленетін өмір жоқ, әрбір адам тағдыры оның іс-әрекетінен, «жаппай сүйіспеншіліктен» туындайды деді. Біздің барлық біліміміз екі нәрсеге – сезімге (у-лу) және ойлауға (син) байланысты дейді. Оның уағызының ең бастылары: бір-біріне деген сүйіспеншілік, жаулаушылық соғыстарға қарсы болу, жерлеу кезінде шыдамды болу.

Барлық пәлеге себеп болатын нәрсе ол өзімшілдік қасиет деп айтқан. Өзіне деген қамқорлығын көпке деген қамқорлыққа ауыстыру керек дейді ол. Ол: «Егер әркім бөтен мемлекетке немесе қалаға өзінің мемлекетіне немесе қаласына қараған секілді қараса, ол басқа мемлекетке және қалаға шабуылын қояды және мүлдем шабуылдамас та еді»- деген «Алтын ережені» ұстанады. Мо-цзының уағызы бойынша барлық адамды бірдей сүйе алмаушылық мүлдем сүйе алмаушылықтың белгісі. Ол махаббат пен пайда әкелу бір-бірімен тығыз байланысты дейді, себебі егер билеуші халқы үшін қызмет етсе, олар үшін өз өмірін құрбан етсе, халқы оны жақсы көретін болады. Егер барлық қауымға пайда әкелуге тырыссаң, онда ол жерде тыныштық пен гармония орын алады. Соғыс пен зорлық-зомбылықтан кейбір санаулы адамдар ғана пайда табады, ал миллиондаған адам кедейшілік пен қайғыруға душар болады. Тағы да ол киім әдемі емес, ыңғайлы әрі функционалды болуы керек дейді. Тағам да солай тәтті емес, тойымды болса жетеді. Жерлеу кезінде адамды әдемі киіндіріп, басына әдемі безендірілген тас қойып, атақ-даңқы қандай жоғары екенін, байлығы көп екенін көрсету керек емес. Негізгі көңіл аударатын нәрсе - марқұмның мәйітінен құтылу. Тағы да айта кететін жайт, музыка тыңдау уақытты босқа өткізу деп тұжырымдайды философ. Ол адамдарды тек экономикалық дамудағы басты қиыншылықтар мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету алаңдатады деп баса көрсеткен.

Құң-цзы көкті қатал, барлығына бірдей және құдіретті билеуші деп санады. Көк әрбір адамның қоғамдағы орнын белгілейді, мадақтайды, жазалайды деген. Ол тағы да: «Аспан туралы не айтуға болады? Ол төрт мезгілдің ауысуы, барлық тіршіліктің туылуы»- деген ойды жеткізді [2, 23 б]. Құң-цзыдан кейін өмір сүрген Мо-цзы, ол да аспанға сену және оның еркі идеясын қабылдады, бірақ оның осы идеясы басқа бағытта болды. Біріншіден, Мо-цзының аспан еркі танымды және барлығына белгілі - ол барлығына ортақ махаббат және өзара тиімділік. Мо-цзы тағдырды мүлдем жоққа шығарады. Оның ойынша, билеушілер жалпыға бірдей махаббатты ұстанып, аспан асты әлеміне және оның барлық адамдарына пайда әкелу керек. Мо-цзы «Ши цзин» – нің бір шумағында адамдардың өздерінің қиын жағдайымен, басшылық тарапынан қысым көріп жатқандарын, төмен деңгейдегі адамдардың билікке келе алмайтындарын өкінішпен оқыды.

Қандас туыстардың қарым-қатынастарын жақсарту, нығайту үшін Құң-цзы ата-баба аруағына құран оқытуға көп көңіл бөлген. Ол тек ақсүйек адамдардың ғана аруағы бар деп есептеген. Ал, Мо-цзы болса керісінше, осы Құң ұстазының талабын әділ санамады. Құң-цзыдың ойынша, әркім өзінің міндеті мен әдет-ғұрпын қатаң ұстанса, және де өз деңгейіне қатысты болса өз деңгейінен жоғары көтерілмесе және төмен түспесе ол әділдік болып саналған деді. Халық пен қоғамның арасындағы қарым-қатынас Мэн-цзы-ның идеясы бойынша басқаша болды. Ол: «билеуші өз қол астындағы халықты ойлауы керек, оның күрделі мәселелерін шешіп, халықпен бір болу керек деген. Ал егер ондай болмаған жағдайда халық билеушісіне қарсы көтерілістерге шығуға құқы бар» - деп білген [2, 37].

Мэн-цзы «билеуші көктен билігін алады, халықтың сеніміне кіргеннен кейін ғана көктің ұлы болуға болады» деген Құң-цзыдың ережесін толықтырады. Мэн-цзы де билеушісінің іс-әрекеті барлық оның бағыныштыларына үлгі болатындай тәртіп орнатқысы келді. Билеушілер жел секілді, ал қарапайым халық шөпке ұқсайды. Себебі, жел қалай қарай соқса, шөп те сол жаққа қарай майысады. Құң ұстаздың көзқарасына қарсы тұрғандар Мо-цзы және оның жақтастары болды. Мо-цзы: «қарапайым адамдар өмірінің соңына дейін төмен, ал аксүйектер, билік басындағы адамдар мәңгі атақты болмауы керек деген. Ол билікке мұрагерлік арқылы келуге қарсы болған. Тарихта бірінші болып ол Қытайда билікке бүкіл адамдардың ортақ келісімі бойынша келу теориясын алға тартқан, соған қарай билік «адамдардың ішіндегі ең дана» адамға берілген және оның шыққан тегіне қарамаған» [3, 40].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.abirus.ru>
2. Л.Н.Мельникова, В.С. Колоколова «Мэн-цзы», ? 230 б.
4. Собрание текстов в двух томах. «Древнекитайская философия ТОМ 1». Москва: 1972, 361.

УДК 821.581.09

ВКЛАД «ЧЕТЫРЕХ ТАЛАНТЛИВЫХ ЖЕНЩИН КИТАЯ» В СТАНОВЛЕНИИ ПРАВ ЖЕНСКОГО ОБЩЕСТВА И РАЗВИТИИ НОВОЙ ЛИТЕРАТУРЫ КИТАЯ

Кусаинова Эльмира Болатовна

Elmira.kusainova.95@mail.ru

студент 3 курса ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, филологического факультета, кафедры китайской филологии, Астана, Казахстан
научный руководитель - Биримкулова Г.У.

Всем тем, кто хоть ни много знаком с «новой» литературой Китая, известны такие имена как Лу Синь, Мао Дун, Ху Ши, но мало кто может назвать писательниц того времени, пишущих о жизни китайских женщин и тоже в основном продолжающих традиции «Движения 4 мая».

В своей статье я хочу обратить внимание читателя к выдающимся писательницам «новой» литературы Китая, признанными как «четыре талантливейших женщин Республики» (кит. 民国四大才女, , пиньинь: Mínguó sì dà cáinǚ). Известные в Китае под именами Люй Бичэн, Чжан Айлин, Сяо Хун, Ши Пинмэй. Каждая из этих писательниц внесла свой вклад в развитие и становление «новой» литературы Китая.

В начале XX века известная по всему Китаю и далеко за его пределами, именно про неё зачастую говорили: «единственная поэтесса за последние триста лет», Люй Бичэн, ставшая первой женщиной-редактором в Китае. На протяжении всей жизни ее основной целью было «защита прав женщин» [1, 67]. Она считала, что женщинам необходимо иметь право на доступное образование. В юном возрасте она хотела учиться в школе для девочек, ее дядя был против, по этой причине ей пришлось покинуть дом. 1918 году Люй Бичэн уезжает на обучение в Колумбийский университет, где изучает литературу и искусство. Оказавшись в чужих краях, она в полной мере ощутила разницу в правах женщин Китая и Западных стран. Так как в Западных странах, зарождение феминизма признано считать период конца 18в. и начало 19 в., в котором женщины активно борются за свои права и добиваются их, становятся равноправными членами общества и занимают значимые общественные позиции, тогда как в Китае, лишь в начале 20 в. происходит формирование женского движения. 1926г. вновь посетив Европу и США, в качестве общественного деятеля, становится официальным представителем своей страны, знакомит Западные страны с Китаем и его особенностями. В последствии описывает это увлекательное путешествие в книге «Записки о странствиях по